

## **Алматы қаласы мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы**

Алматы қаласы мәслихатының кезекті XXIV сессиясының 2024 жылғы 29 қарашадағы № 172 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2024 жылғы 5 желтоқсанда № 1795-02 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Алматы қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Алматы қаласы мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Алматы қаласы мәслихатының төрағасы*

*М. Отыншиев*

Алматы қаласы мәслихатының  
2024 жылғы 29 қарашадағы  
№ 172  
шешіміне қосымша

## **Алматы қаласы мәслихатының күші жойылды деп танылған кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. "Медеу" Мемлекеттік өңірлік табиғи паркінің ерекше қорғалатын табиғи аумағын пайдалану үшін төлемақы ставкаларын белгілеу туралы" Алматы қаласы мәслихатының 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 78 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 961 болып тіркелген);

2. "V сайланған Алматы қаласы мәслихаты XI сессиясының 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 78 "2013 жылға арналған "Медеу" Мемлекеттік өңірлік табиғи паркінің ерекше қорғалатын табиғи аумағын пайдалану үшін төлемақы ставкаларын белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Алматы қаласы мәслихатының 2014 жылғы 24 сәуірдегі № 219 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1042 болып тіркелген);

3. "V сайланған Алматы қаласы мәслихатының XI сессиясының "Медеу" Мемлекеттік өңірлік табиғи паркінің ерекше қорғалатын табиғи аумағын пайдалану үшін төлемақы ставкаларын белгілеу туралы" 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 78 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Алматы қаласы мәслихатының 2018 жылғы 21 қарашадағы № 289 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1517 болып тіркелген).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК